

«Бекітемін»
Жем қаласының №5 ЖББОМ директоры
 А.А.Жакасов
« 01 » 09 2023 жыл

**Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған « 9 » сыныптың тәрбие жоспары**

Сынып жетекшісі: Касимова Г.Т.



ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талап құндылығы:

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу; .

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Бағдарламаның аталығы	Аяқталу айы-жылы	Жауапты адам	Телефон нөмірі
1. «Оқуға құштар мектеп»	Сыртқы бағалау Ақпанда	Жауапты адам	11.09.2023
2. «Балалар және театр»	Ақпанда	Жауапты адам	11.09.2023
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)	Сыртқы бағалау Ақпанда	Жауапты адам	11.09.2023
4. «Ұшқыр-ой алаңы»	Сыртқы бағалау Ақпанда	Жауапты адам	11.09.2023
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»	Сыртқы бағалау Ақпанда	Жауапты адам	11.09.2023
6. «Ұлттық мектеп лигасы»	Сыртқы бағалау Ақпанда	Жауапты адам	11.09.2023
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»	Сыртқы бағалау Ақпанда	Жауапты адам	11.09.2023
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»	Сыртқы бағалау Ақпанда	Жауапты адам	11.09.2023
9. «9 ай- 9 іс-шара»	Сыртқы бағалау Ақпанда	Жауапты адам	11.09.2023
10. «Ата-аналар мектебі»	Сыртқы бағалау Ақпанда	Жауапты адам	11.09.2023

ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

- 1қыркүйек-Білім күні,сынып сағаттары
- 5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған«Тіл тазалығы»тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі,ақын,ойшыл,ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл
- Қазақ әдебиетінің XXғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі,жазушы,драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	1қыркүйек-білім күні «Мектеп–мейірім мекені»	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т.	01.09.2023
2	«Тәртіп-тәрбие бастауы»	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т.	08.09.2023
3	Отбасы күніне арналған іс-шаралар («Тогыз айға тоғыз шара» жобасы)	Отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар,	Касымова Г.Т. Карагулова А.Д.	15.09.2023
4	«Қарттарым-асыл қазынам»	Қарттар күніне арналған видеороликтер	Касымова Г.Т.	22.09.2023
5	«Адалдық –атадан қалған мұра»	Инстаграмм парақшасы	Касымова Г.Т. «Адал ұрпақ» клуб жетекшісі	29.09.2023

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1қазан –Қарттар күні
- 5қазан –Мұғалімдер күні
- 25қазан –Республика күні
- Қазақ жазушысы,қоғам қайраткері,Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті,көрнекті қазақ ақындарының бірі,фольклоршы,ғұлама ғалымМәшіһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына165жыл
- Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына165жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы,драматург,публицист,қазақәдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына135жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері,ақын,қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына130жыл
- Қазақ халқының XXғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы,ақыл-ойшысы,демократ ақыныТорайғыровтыңтуғанына130жыл
- Ақын,жазушы,көрнекті мемлекетжәнеқоғамқайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына130жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Алаш қозғалысының қайраткері-Мағжан Жұмабаев»	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т.	06.10.2023
2	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т. Абдыхалыков Н.А.	13.10.2023
3	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда»	Сынып сағатының	Касымова Г.Т. Әменова Д.С.	20.10.2023

	(«Оқуға құштар мектеп» жобасы)	жоспары		
4	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары, видеороликтер	Касымова Г.Т. Құдайбергенова Э.Н.	27.10.2023
5	«Әкем айтқан нақыл сөз»	Инстаграмм парақшасы	Касымова Г.Т.	10.11.2023

ҚАРАША–ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15қараша-Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Бала ээне заң»	Сынып сағатының жоспары, дөңгелек үстел	Касымова Г.Т. мектеп психологы Құдайбергенова Э.Н.	17.11.2023
2	«Үнемі оқитын адам-табысты адам»	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т.	24.11.2024

ЖЕЛТОҚСАН—«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Кабысмова Г.Т. Мамытова Б.С.	01.12.2023
2	Тәуелсіздікке 32 жыл	Сынып сағатының жоспары, инстаграмм парақшасы	Касымова Г.Т.	08.12.2023
3	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын»	Сыныптың инстаграмм парақшасы	Касымова Г.Т.	15.12.2023
4	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Еңбегі адал жас өрен»	инстаграмм парақшасы	Касымова Г.Т. Абдыхалыков Н.А.	22.12.2024



ҚАҢТАР—«ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т. Мамытова Б.С.	12.01.2024
2	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар Мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т. Әменова Д.А.	19.01.2024
3	«Ата-ана өмірінің жобасы-бақытты адам»	Инстаграмм парақшасы	Касымова Г.Т.	26.01.2024

АҚПАН-ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Шын дос-асыл қазына»	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т. мектеп психологы Құдайбергенова Э.Н.	02.02.2024
2	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г. Т. Мамытова Б.С.	09.02.2024
3	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары»	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т.	16.02.2024
4	«Отбасыдағы ортақ тіл»	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т.	23.02.2024

НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз–Алғыс айт күні
- 8 наурыз–Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз–Наурыз мейрамы
- 27 наурыз –Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталуына ны	Жауаптылар	Мерзімі
3	«Бәрі де, Ана, бір өзіннен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т.	01.03.2024
1	«Мың алғыс» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т. Әменова Д.А.	08.03.2024
1	«Қош келдің, әз-Наурыз!»	Сынып сағатының жоспары, қойылым	Касымова Г.Т.	15.03.2024

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12сәуір -Ғылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталуына	Жауаптылар	Мерзімі
2.	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар»	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т.	06.04.2024
4.	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т. Мамытова Б.С.	12.04.2024
5	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т. Утаралинов А.У.	19.04.2024
1	«Бақытты балалық шақ»	Суреттер, видео	Касымова Г.Т. Мектеп психологы Құдайбергенова Э.Н.	26.04.2024

МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталуына сәйкес	Жауаптылар	Мерзімі
2.	«Медиатime» («Жеткіншектің Жеті жасарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т. Мамытова Б.С.	03.05.2024
4	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың»	Сынып сағатының жоспары	Касымова Г.Т.	10.05.2024
1	«Сөз қадірі-өз қадірің»	Іс-шара жоспары	Касымова Г.Т.	17.05.2024
1	«Халықаралық отбасы күні» Денсаулық FEST (Ұлттық мектеп лигасы)	Видео, суреттер	Касымова Г.Т. Тұрақ Е.Р.	24.05.2024